

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 331 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 35167 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азық дайындауға теріс әсер ететін қалыптан тыс ауа райы жағдайлары – сол өңір мен жыл мезгілі үшін қалыпты немесе әдеттегі ауа райынан ауытқып кететін ауа райы жағдайлары (атмосфералық немесе топырақ құрғақшылығы, аңызақ, үсік шалу, көлемі 20 миллиметр (бұдан әрі – мм) және одан да ірі бұршақтың түсуі немесе 12 сағат ішінде және одан аз уақыт ішінде жауын-шашын мөлшері 50 мм және одан да көп қатты нөсерлі жаңбырдың болуы (сел жүру қаупі бар өңірлерде 12 сағат және одан аз уақыт ішінде 30 мм және одан көп нөсерлі жаңбыр));";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) арнайы комиссия – облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының деңгейінде құрылатын, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) өңірлік кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық салалық одақтардың/қауымдастықтардың/ республикалық палаталардың өкілдерінен және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)) мамандарынан қалыптастырылатын және тауар

өндірушілерде тиісті инфрақұрылымның, қорытындыларды берудің және кері қайтарып алудың бар-жоғы бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асыратын комиссия
,".

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мал шығынының зоотехникалық нормасы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 3-3/1061 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12488 болып тіркелген) бекітілген ауыл шаруашылығы жануарларының табиғи кему (өлу) нормаларына сәйкес табиғи кему (өлу), амалсыз сойылуы, сондай-ақ мал шаруашылығы және азық өндіру жөніндегі мамандандырылған бейінді ғылыми ұйымдар ұсынған ауыл шаруашылығы жануарлары басының жарамсыздануы (етті және етті-сүтті бағыттағы ірі қара мал басы – 20%; сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал басы – 35%; қойлардың мал басы – 25%; жылқылардың мал басы – 15%; маралдардың (бұғылардың) мал басы – 25%; шошқалардың мал басы – 30%);";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа қатысатын аналық мал басы – табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын, жыныстық жағынан жетілген бас (ірі қара мал шаруашылығы бойынша: асыл тұқымды жануарлар – 13 айдан бастап, тауарлық жануарлар – 18 айдан бастап, қой шаруашылығы бойынша – 12 айдан бастап, жылқы шаруашылығы бойынша – 36 айдан бастап; марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы) бойынша – 24 айдан бастап, шошқа шаруашылығы бойынша: тауарлы және асыл тұқымды – 8 айдан бастап, толықтыратын бас – 4 айдан бастап);";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Субсидиялар нормативтері, сондай-ақ субсидиялар алу өлшемшарттары, өтінімдер нысандары және өтінімдер беру мерзімдері мынадай:

ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындардың құнын арзандату;

асыл тұқымдық орталықтардың шет елдік селекцияның мініс бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлады сатып алу;

Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін жылқылар тұқымдарының асыл тұқымды мал басын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарды өтеу бағыттары бойынша мал шаруашылығы және азық өндіру жөніндегі мамандандырылған бейінді ғылыми ұйымның ұсынымдары негізінде ЖАО (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен бекітіледі.";

14-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) "электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электрондық түрде мыналарға өтінім берілуі:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша ірі қара малдың (сүтті, сүтті-етті, етті және етті-сүтті бағыттағы) асыл тұқымды аналық басын, асыл тұқымды

тұқымдық бұқаларды (етті және етті-сүтті бағыттағы), асыл тұқымды қойларды, асыл тұқымды тұқымдық қошқарды, өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырды, асыл тұқымды тұқымдық түйені, асыл тұқымды тұқымдық шошқаны, асыл тұқымды мегежіндерді, ешкілердің асыл тұқымды аналық басын, құстардың ет бағытындағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын және асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды сатып алу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі асыл тұқымдық орталықтардың, дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі ірі қара малдардың/қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтері үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша ірі қара малдың тауарлық аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша қойдың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша қойдың тауарлық аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша шошқалардың асыл тұқымды және тауарлық аналықтарымен және мал басын толықтыратын аналықтарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 8-нысан бойынша маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 9-нысан бойынша балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқалардың сатып алынған бір жынысты және қос жынысты ұрықтары үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша ірі қара мал мен қой эмбриондарын сатып алу құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 12-нысан бойынша тауық етін өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 13-нысан бойынша сүт (сиыр, бие, түйе) өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 14-нысан бойынша ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерінің сүт өндіру құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 15-нысан бойынша ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындары өткізген сиыр етінің құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 16-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеуші кәсіпорындарына союға өткізілген ірі қара малдың еркек дарактарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеуші кәсіпорындарына союға өткізілген ұсақ малдың еркек дарактарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарының асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар алуға;"

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 331 бұйрығына
1-қосымша
Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі

P/c №	Субсидиялар түрлері	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:		
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	10 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымдық аналық басы		15 000
2.	Ет және ет-сүт бағытындағы отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқа сатып алу	Сатып алынған бас	150 000
3.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:		
3.1	Отандық		150 000

3.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен, Украинадан әкелінген	Сатып алынған бас	225 000
3.3	Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген		300 000
4.	Бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеу кәсіпорындарына союға өткізілген ірі қара малдың еркек дарағының (оның ішінде сүтті немесе сүтті-етті асыл тұқымды еркек дарақтар) құнын арзандату	Тірі салмақтың килограммы	200
5.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеу кәсіпорындарының сиыр етін өткізу құнын арзандату	Сатылған сиыр етінің килограммы	175
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу		
1.1	бір жынысты	Сатып алынған доза	10 000
1.2	екі жынысты		5 000
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу	Сатып алынған бас	
2.1	Отандық		200 000
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен, Украинадан әкелінген		225 000
2.3	Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген		400 000
3.	Сүт өндірісінің құнын арзандату		
3.1	600 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар	Өткізілген немесе өзінің өңдеу кәсіпорнына	45
3.2	400 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар		30

3.3	Саны 50 бастан басталатын бағымдағы сиырлары бар шаруашылықтар	немесе цехқа орны ауыстырылған килограмм	20
3.4	Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	Өңдеу кәсіпорнына немесе цехқа өткізілген килограмм	20
4.	Ірі қара мал эмбриондарының сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтерінің құнын субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000
Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	Сатып алынған бас	600
2.	Тауық етін өндіру құнын төмендету		
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген немесе өзінің өңдеу кәсіпорнына немесе цехқа орны ауыстырылған килограмм	80
2.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		70
2.3	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		60
2.4	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		50
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	60
Қой шаруашылығы			

1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас / шағылыстыру маусымы	4 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500
2.	Отандық асыл тұқымды қой басын сатып алу	Сатып алынған бас	15 000
2.1	Импортталған асыл тұқымды аналық қой басын сатып алу		30 000
2.2	Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		150 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе ет өңдеу кәсіпорындарына союға өткізілген ұсақ малдың еркек дарағының құнын арзандату	Сатылған бас	3 000
4.	Қой эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталықтардың және ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі аналық қой басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсеткен қызметтерінің құнын субсидиялау	Ұрықтандырылған бас/ шағылыстыру маусымы	1 500
Жылқы шаруашылығы			
1.	Мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарының асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	20 000
2.	Өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000

3.	Асыл тұқымдық орталықтардың шет елдік селекцияның мініс бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырларды сатып алу	Сатып алынған бас	
4.	Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін жылқылар тұқымдарының асыл тұқымды мал басын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарды өтеу	Бас/жылына бір рет	
Түйе шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
2.	Асыл тұқымды және тауарлық шошқалардың аналық және мал басын толықтыратын бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/жылына бір рет	40 000
Өңірлердің ерекшеліктері мен мамандануын ескере отырып, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) қалауы бойынша жергілікті бюджеттен бөлінетін бюджет қаражаты есебінен			
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	10 000
2.	Баларалары ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	Баларалары ұясы/ жылына бір рет	5 000
3.	Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	Бас	ЖАО белгілейді
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу	Сатып алынған бас	40 000

5.	Бие сүтін өндіру мен өңдеудің құнын арзандату	Килограмм	60
6.	Түйе сүтін өндіру мен өңдеудің құнын арзандату	Килограмм	55

Асыл тұқымды аталық малды сатып алуды субсидиялау тек тауар өндірушіде (асыл тұқымдық орталықтарды, асыл тұқымды бұқаларды тауарлық табындарға/ шаруашылықтарға жалға беретін бордақылау алаңдарын қоспағанда) аналық мал басы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 50%-на дейін белгіленген нормативтер мөлшерінде субсидияланады.

"Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын шығындар құнын арзандату" бағыты бойынша субсидиялау гидрометеорологиялық қызмет растаған, өңірде азық дайындауға теріс әсер еткен төтенше жағдай жарияланған немесе қалыптан тыс ауа райы жағдайлары болған кезде ғана жүзеге асырылады. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл талап Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Ұлытау облыстарындағы ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басына қолданылмайды.

"Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату" бағыты бойынша субсидиялау қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 331 бұйрығына
2-қосымша
Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар

P/c №	Субсидиялар түрлері	Өлшемшарттар	Субсидиялау шарттарына сәйкестігін субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – СМАЖ) тексеру әдісі	Өтінім беру мерзімі
Етті және ет-сүт мал шаруашылығы				

1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу:			
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім беру сәтінде АЖБ және САТЖАҚ-да аналық мал басының тіркелген болуы (ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің немесе кооператив мүшелерінің атында тіркелген болуы). 5. Мына әдістердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы мал басының өсімін молайту:		Ағымдағы жылдың 15 сәуірінен 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) Басқарудың бірыңғай

1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	5.1. Еркін шағылыстыру жүргізілгенде: 1) пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы; 2) бір асыл тұқымды тұқымдық бұқаға – кемінде 20 және 30-дан аспайтын аналық мал басы (қоса алғанда) болу қажет ; 3) тұқымдық бұқалар мынадай талаптарға сай болуы тиіс: жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айға толған болуы керек; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланылмаған; бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған. 5.2. Қолдан ұрықтандыру жүргізілгенде: 1) ұрықтары пайдаланылған тұқымдық бұқалардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы; 2) толық шағылыстыру үшін пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы, олар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: автоматтандырылған жүйесімен (бұдан әрі – ББАЖ), жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – ЖМБМКАЖ), селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорымен (бұдан әрі – САТЖАҚ) және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқормен (бұдан әрі – АЖБ)
-----	--------------------------------------	--

		жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айға толған; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланылмаған; бұрын селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста пайдаланылмаған; 1 бұқаға түсетін жүктеме нормативі 100 аналық бастан аспайды. 3) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың/ұрықтандырушы-техниктің тіркелген болуы; 4) САТЖАҚ-да ұрықтандырушы-техниктің/ асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісін және аналық мал басының буаз болу фактісінің расталған болуы.	интеграциялық өзара әрекеттесу	
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар		

1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. 3. Аналық мал басын АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Мына әдістердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы мал басының өсімін молайту: 4.1. Еркін шағылыстыру жүргізілгенде: 1) пайдаланылған бірінші санатты асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы; 2) бір асыл тұқымды тұқымдық бұқаға түсетін жүктеме 20-30 аналық бас (қоса алғанда); 3) асыл тұқымды тұқымдық бұқалар мынадай талаптарға сай болуы тиіс: жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айға толған; 4.2. Қолдан ұрықтандыру жүргізілгенде: 1) ұрықтары пайдаланылған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы;	ББАЖ, ЖМБМКАЖ , САТЖАҚ және АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20
-----	--	--	--	----------------------------------

		2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың/ұрықтандырушы-техниктің тіркелген болуы; 3) САТЖАҚ-да ұрықтандырушы-техниктің/ асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісін және аналық мал басының буаз болу фактісінің расталған болуы.		желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне		

2.	Етті және етті-сүтті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды сатып алу	қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берген сәтте АЖБ-да және САТЖАҚ-да аналық мал басының тіркелген болуы (ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің немесе кооператив мүшелерінің атында АЖБ және САТЖАҚ-да аналық мал басының тіркелген болуы). 4. Өтінім берген сәтте сатып алынған мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 5. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алғанда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде) – 8-26 ай аралығында болуы тиіс. 6. Сатып алынған тұқымдық бұқалардың саны аналық мал басына мынадай қатынастарда болуы керек: 1) еркін шағылыстыру үшін – 1 бұқаға кемінде 20 аналық бас және 30 аналықтан артық болмауы керек; 2) қолдан ұрықтандыру кезінде толық ұрықтандыру үшін – 1 бұқаға 100 аналық бас.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ , САТЖАҚ және АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған сәттен
----	--	--	--	--

		7. Қатарынан екі шағылыстыру кезеңінен асырмай (кемінде 18 ай) мақсатты пайдалану бойынша міндеттеме алу.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
3.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. 3. Өтінім берген сәтте сатып алынған мал басының САТЖАҚ-да және АЖБ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған кезде – ірі қара малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): қашарлар – 6-18 ай аралығында; құнажындар – 13-26 ай аралығында. 5. Табиғи кему (өлу) нормаларын қоспағанда, қатарынан кем дегенде екі жыл мақсатты пайдалану	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған сәттен

		бойынша міндеттеме алу.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
4.	Бордақылау аландарына бордақылау үшін немесе ет өңдеу кәсіпорындарына өткізілген ірі кара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы еркек дарақтар) құнын арзандату	1. Есепке алу нөмірінің болуы (ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берген сәтте ірі кара малдың аналық басының, сондай-ақ сол шаруашылықта туған оның еркек төлінің АЖБ-да және САТЖАҚ-да (тарихи мәліметтер) тіркелген болуы. 4. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу нөмірлері бар, арнайы комиссияның оң қорытындысы бар, ірі кара малды бордақылау үшін ірі кара малды бордақылау	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, САТЖАҚ және АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген

		аландарына немесе сою куаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеу кәсіпорындарына өткізу. 5. Бордақылау алаңының атына сатылған еркек ірі қара малдың АЖБ және САТЖАҚ-да (тарихи мәліметтер) тіркелген болуы; 5.1. етті қайта өңдеу кәсіпорнына мал басын өткізу кезінде - өткізілген мал басы туралы ББАЖ-да мәліметтердің (тарихи мәліметтердің) болуы.		күннен бастап алты ай ішінде беріледі)
5.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін өткізу құнын арзандатуы	1. Есепке алу нөмірінің болуы. 2. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорынға арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	ББАЖ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген өнім үшін төлемді алған күннен бастап алты ай ішінде беріледі)
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды бұқаның ұрығын алу	1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста).		
1.1	Бір жынысты	2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар		

1.2	Екі жынысты	өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім беру сәтінде аналық малдың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Ұрығы сатып алынған сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 5. Сатып алу нормасы аналық малдың бір басына екі доза есебінен.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі)
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы		

2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берген сәтте сатып алынған малдың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған кезде - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): қашарлар – 6 -18 (қоса алғанда) ай аралығында; құнажындар – 13-26 (қоса алғанда) ай аралығында. 5. Табиғи кему (өлу) нормаларын қоспағанда, қатарынан кем дегенде екі жыл мақсатты пайдалану бойынша міндеттеме алу.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ , АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі)
		1. Есепке алу нөмірінің болуы. 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. 3. АЖБ-да асыл тұқымды сиырлар үшін - кемінде 23 айдан басталатын, тауарлық сиырлар		

3.	Сүт өндіру құнын арзандату	үшін - 28 айдан басталатын кемінде 50 бас бағымдағы аналық бастың тіркелген болуы. 4. Есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу кәсіпорнына немесе сүт өңдеу цехына сүтті сату. 5. Аккредиттелген зертханаларда жасалған соматикалық жасушаларды анықтау үшін әрбір сауын сиыр сүтінің сынамаларын ай сайынғы зерттеу нәтижелерінің САТЖАҚ-да болуы. 6. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық сүт фермасына арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген өнім үшін төлемді алған күннен бастап алты ай ішінде беріледі)
3.1.	Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (бұдан әрі - АШӨК)	1. Есепке алу нөмірі (өзінің сүт қабылдау пунктінің). 2. Өтінім беру сәтінде кооператив мүшелерінің ірі қара малдарының жасы 28 айдан басталатын аналық басының АЖБ-да тіркелген болуы. 3. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық сүт фермасына арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы. 4. Дайындалған сүтті есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу кәсіпорнына өткізу.	ББАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген өнім үшін төлемді алған күннен бастап

		5. Аккредиттелген зертханаларда жасалған соматикалық жасушаларды анықтау үшін әрбір сауын сиыр сүтінің сынамаларын ай сайынғы зерттеу нәтижелерінің САТЖАҚ-да болуы (тауар өндірушілер болып табылатын АШӨК мүшелері үшін (шаруа қожалығы және фермерлік шаруашылық, дара кәсіпкер))		алты ай ішінде беріледі)
4.	Ірі кара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім беру сәтте аналық малдың АЖБ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған эмбрионның	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған күннен

		САТЖАҚ-да тіркелген болуы.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, дистрибьютерлік орталықтардың ж ә н е ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтеріндегі ірі қара малдардың аналық басын қ о л д а н ұрықтандыру жөнінде көрсететін қызметтерін субсидиялау	1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың/ұрықтандырушы-техниктің тіркелген болуы. 2. Тауар өндіруші-жануардың иесінде өтінім беру сәтінде АЖБ және САТЖАҚ-да аналық мал басының тіркелген болуы. 3. Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – өтінім берілген сәтте ауыл шаруашылығы кооперативінің немесе кооперативтің қауымдасқан мүшелерінің атында аналық малдың АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелуінің болуы. 4. Ұрықтары қолдан ұрықтандыру үшін пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 5. Тауар өндіруші-көрсетілетін қызметті алушымен жасалған аналық мал басын қ о л д а н	АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20

		ұрықтандыру жөніндегі шарттың болуы. 6 . Ұрықтандырушы-техниктің/ асыл тұқымдық/ дистрибьютерлік орталықтың қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісін және аналық мал басының тығыздық фактісін растауының болуы.		желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
Етті құс шаруашылығы				
1.	Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	1. Есепке алу нөмірінің болуы. 2. Өтінім берген сәтте сатып алынған асыл тұқымды тәуліктік балапандардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы.	ББАЖ және САТЖАҚ интеграциялық өзара әрекеттесу	20 қаңтардан 20 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) ағымдағы жылдың (өтінім сатып алынған күннен бастап он екі ай ішінде беріледі)
2.	Тауық етін өндіру құнын арзандату	1. Есепке алу нөмірінің болуы. 2. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құс фабрикасына арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	ББАЖ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген өнім үшін төлемді алған күннен бастап алты ай ішінде беріледі)
Жұмыртқалы құс шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	1. Есепке алу нөмірінің болуы. 2. Өтінім берген сәтте САТЖАҚ-да асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы сатып алынған тәуліктік балапанның тіркелген болуы. 3. Финалдық нысандағы тәуліктік балапан алынған	ББАЖ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған күннен

		ата-енелік табынға асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) болуы.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
Қой шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім беру сәтінде асыл тұқымды малдың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Мына әдістердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы мал басының өсімін молайту: 4.1. Қолдан ұрықтандыру жүргізілгенде: 1) САТЖАҚ-да ұрығы пайдаланылған асыл		

1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	тұқымды тұқымдық қошқарлардың тіркелген болуы (аса қатты мұздатылған ұрықты пайдаланған кезде); 2) бұрын сол шаруашылықта малдың өсімін молайту үшін пайдаланылмаған негізгі асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы (жаңа алынған ұрықты пайдаланған кезде); 3) АЖБ-да және САТЖАҚ-да сыналатын асыл тұқымды қошқарлардың тіркелген болуы. 4) 1 негізгі асыл тұқымды тұқымдық қошқарға арналған жүктеме 1:300, сыналатын қошқарға - 1:100; 5) толық ұрықтандыруға пайдаланылған 1 асыл тұқымды тұқымдық қошқарға (сыналатын қошқарға) арналған жүктеме -1:100; 6) толық ұрықтандыруға қолданылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың (сыналатын қошқарлардың) жасы ағымдағы жылдың 1 қазанына қоса алғандадағы жай-күй бойынша кемінде 12 ай болуы тиіс;	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 1 тамызынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
-----	------------------------------------	---	---	--

7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың/ұрықтандырушы-техниктің тіркелген болуы;

8) САТЖАҚ-да ұрықтандырушы-техниктің/асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісінің расталған болуы;

4.2. Қолмен шағылыстыру жүргізілгенде:

1) бұрын сол шаруашылықта малдың өсімін молайту үшін пайдаланылмаған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы;

2) бір тұқымдық қошқарларды 2 шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау;

3) асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың жасы шағылыстыру маусымының басында ағымдағы жылдың 1 қазанына қоса алғандағы жай-күй бойынша 12 айдан кем болмауы тиіс;

		4) тұқымдық қошқарлар мен саулық қойлардың сандық қатынасы 1 асыл тұқымдық қошқарға кемінде 20 асыл тұқымдық саулықтан және 30 асыл тұқымдық саулықтан аспауы тиіс.		
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім беру кезінде аналық мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін – өтінім берілген сәтте ауыл шаруашылығы кооперативінің немесе кооператив		

1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	мүшесінің атында аналық малдың АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 5. Мына әдістердің біреуі немесе бірнешеуі арқылы мал басының өсімін молайту: 5.1. Қолдан ұрықтандыру жүргізілгенде: 1) САТЖАҚ-да ұрығы пайдаланылған тұқымдық қошқарлардың тіркелген болуы (аса қатты мұздатылған ұрықты пайдаланған кезде); 2) бұрын сол шаруашылықта малдың өсімін молайту үшін пайдаланылмаған негізгі асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы (жаңа алынған ұрықты пайдаланған кезде); 3) сыналатын асыл тұқымды қошқарлардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы; 4) 1 негізгі асыл тұқымды тұқымдық қошқарға түсетін жүктеме 1:300, сыналатын қошқарларға - 1:100 ; 5) толық ұрықтандыруға пайдаланылған 1 асыл тұқымды	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 1 тамызынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
-----	--------------------------------	--	---	--

тұқымдық қошқарға
(сынақ қошқарға)
түсетін жүктеме -1:
100;

6) толық
ұрықтандыруға
пайдаланылған асыл
тұқымды тұқымдық
қошқарлардың
жасы ағымдағы
жылдың 1 қазанына
қоса алғандағы
жай-күй бойынша
кемінде 12 ай болуы
тиіс;

7) асыл тұқымды
мал шаруашылығы
саласындағы
рұқсаттар мен
хабарламалардың
мемлекеттік
электрондық
тізілімінде асыл
тұқымдық/
дистрибьютерлік
орталықтың/
ұрықтандырушы-те
хниктің тіркелген
болуы;

8) САТЖАҚ-да
ұрықтандырушы-те
хниктің/ асыл
тұқымдық/
дистрибьютерлік
орталықтың аналық
басын қолдан
ұрықтандыруды
жүргізу фактісінің
расталған болуы;

5.2. Еркін
шағылыстыру
жүргізілгенде:

1) бұрын сол
шаруашылықта
малдың өсімін
молайту үшін
пайдаланылмаған
асыл тұқымды
тұқымдық
қошқарлардың
АЖБ-да және
САТЖАҚ-да
тіркелген болуы;

		2) сол бір асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды 2 шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау; 3) асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың жасы ағымдағы жылдың 1 қазанын қоса алғандағы жай-күй бойынша кемінде 12 ай болуы тиіс; 4) тұқымдық қошқарлар мен саулық қойлардың сандық қатынасы 1 асыл тұқымды қошқарға кемінде 20 саулықтан және 30 саулықтан аспауы тиіс.		
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (тұқымдық қошқарларды сатып алу кезінде ауыл шаруашылығы кооперативін қоспағанда) (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы		

2.	Асыл тұқымды қойларды, тұқымдық қошқарларды сатып алу	кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берген сәтте сатып алынған мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - сатып алу сәтінде асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген ; импортталған кезде – сатушыда (экспорттаушыда) малды карантинге қойған сәтте): тұқымдық қошқарлар – 5 айдан - 18 айға дейін қоса алғанда; саулық қойлар – 5 айдан 18 айға дейін қоса алғанда. 5. Мына жануарларды: аналық мал басын табиғи кему (өлу) нормаларын қоспағанда кемінде екі жыл; тұқымдық қошқарларды қатарынан кемінде екі шағылыстыру маусымында (кемінде 18 ай) мақсатты пайдалану бойынша міндеттемелер алу. 6. Сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың саны аналық мал басына мынадай қатынастарда болуы керек: 1) еркін шағылыстыру/	ББАЖ, ЖМБМКАЖ , АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған күннен
----	---	--	--	--

		қол мен шағылыстыру үшін – 1 қошқарға кемінде 20 саулықтан және 30 саулықтан аспауы тиіс; 2) қолдан ұрықтандыру үшін – 1 қошқарға 300 саулық; 3) қолдан ұрықтандыру кезінде толық ұрықтандыру үшін – 1 қошқарға 100 саулық.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берілген сәтте ұсақ малдың аналық басының, сондай-ақ сол шаруашылықта туған оның төлдерінің еркек дарақтарының АЖБ-да және САТЖАҚ-та (		

3.	Бордақылау алаңдарына бордақылауға немесе союға ет өңдеу кәсіпорындарына өткізілген ұсақ малдың еркек дарақтарының құнын арзандату	тарихи мәліметтер) тіркелген болуы. 4. Есепке алу нөмірлері және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы комиссияның оң қорытындысы бар, ұсақ малды бордақылау үшін ұсақ малды бордақылау алаңдарына немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 300 бас ұсақ мал болатын ет өңдеу кәсіпорындарына ұсақ малдың еркек дарақтарын өткізу. 5. Өткізілген ұсақ малдың еркек дарақтарының жасы АЖБ жүйесінде қайта тіркелген сәттен 4-12 айды қоса алғандағы аралықта. 6. Бордақылау алаңының атына өткізілген ұсақ малдың еркек дарақтарының АЖБ және САТЖАҚ-да (тарихи мәліметтерде) тіркелуінің болуы; 6.1. мал басын ет өңдеу кәсіпорнына өткізген кезде - ББАЖ-да өткізілген мал басы туралы мәліметтердің (тарихи мәліметтердің) болуы.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім өткізілген күннен бастап алты ай ішінде беріледі)
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста).		

4.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берілген сәтте аналық мал басының АЖБ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған эмбриондардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы.	ББАЖ, ЖМБМКАЖ, АЖБ және САТЖАҚ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған күннен бастап он екі ай ішінде беріледі)
		1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде асыл тұқымдық/дистрибьютерлік орталықтың/ұрықтандырушы-техниктің тіркелген болуы. 2. Тауар өндіруші-жануарды иеленушіде өтінім берілген сәтте аналық мал басының АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 3. Ауыл шаруашылығы		

5.	Асыл тұқымдық орталықтардың, дистрибьютерлік орталықтардың ж ә н е ұрықтандырушы-техниктердің тауар өндірушілердің және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде саулық қойларын қ о л д а н ұрықтандыру бойынша көрсететін қызметтерін субсидиялау	кооперативтері үшін – өтінім берілген кезде ауыл шаруашылығы кооперативінің н е м е с е кооперативтің қауымдасқан мүшелерінің атында асыл тұқымды малдың АЖБ және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Тауар өндіруші-көрсетілетін қызметті алушымен аналық малды қолдан ұрықтандыру жөніндегі шарттың болуы. 5 . Ұрықтандырушы-техниктің/ асыл тұқымдық/ дистрибьютерлік орталықтың аналық малды қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісінің САТЖАҚ-да расталған болуы. 6. Ұрықтары қолдан ұрықтандыруға пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың САТЖАҚ-да тіркелген болуы (а с а қатты тоңазытылған ұрықтарды пайдаланған кезде). 7. Негізгі тұқымдық қошқарлардың АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы (жаңа алынған ұрықтарды пайдаланған кезде). 8. Сыналатын қошқарлардың АЖБ-да және	ББАЖ, САТЖАҚ және АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 20
-----------	--	---	---	--

		САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 9. Негізгі тұқымдық қошқардың жүктеме нормативі 1:300, сыналатын қошқардың – 1:100. 10. Толық ұрықтандыруға пайдаланылатын тұқымдық қошқарға (сыналатын қошқарға) жүктеме нормативі – 1:100. 11. Толық ұрықтандыруға пайдаланылған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың (сыналатын қошқарлардың) жасы ағымдағы жылдың 1 қазанына қоса алғандағы жай-күй бойынша кемінде 12 ай болуы тиіс. 12. Бір шаруашылықта бір тұқымдық қошқарды және сыналатын қошқарды екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау.		желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
Жылқы шаруашылығы				
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы. 3. Өтінім беру сәтінде таза тұқымды асыл тұқымды аналық мал басын АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы.		

1.

Мініс және
мініс-жегін
жылқылардың
отандық
тұқымдарының
асыл тұқымды
аналық басымен
селекциялық және
асыл тұқымдық
жұмыстарды
жүргізу

4. Өсімін молайту
ү ш і н
пайдаланылған,
өтінім беру сәтінде
36 айдан бастап
мініс және
мініс-жегін
бағытындағы асыл
тұқымды таза
тұқымды тұқымдық
айғырлардың
АЖБ-да және
САТЖАҚ-да
тіркелген болуы (
қ о л д а н
ұрықтандыру
кезінде талап
етілмейді).

5. Ұрықтары
пайдаланылған
өтінім беру сәтінде
36 айдан бастап
мініс және
мініс-жегін
бағытындағы асыл
тұқымды таза
тұқымды тұқымдық
айғырлардың
САТЖАҚ-да
тіркелген болуы (
қ о л д а н
ұрықтандыру
әдісімен өсімін
молайту кезінде).

6. Асыл тұқымды
мал шаруашылығы
саласындағы
рұқсаттар мен
хабарламалардың
мемлекеттік
электрондық
тізілімінде асыл
тұқымдық/
дистрибьютерлік
орталықтың/
ұрықтандырушы-те
хниктің тіркелген
болуы.

7. САТЖАҚ-да
ұрықтандырушы-те
хниктің/ асыл
тұқымдық/
дистрибьютерлік
орталықтың аналық

Б Б А Ж ,
ЖМБМКАЖ-мен,
САТЖАҚ және
АЖБ-мен
интеграциялық
өзара әрекеттесу

Ағымдағы жылдың
20 қаңтарынан 20

		мал басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу фактісін расталған болуы (қолдан ұрықтандыру әдісімен өсімін молайту кезінде).		желтоқсанына дейін (қоса алғанда)
2.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырларды сатып алу	1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл норма жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берілген сәтте сатып алынған мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 4. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) – 18 - 60 ай	ББАЖ, ЖМБМКАЖ-мен, САТЖАҚ және АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (өтінім сатып алынған күннен

		аралығында қоса алғанда. 5. Сатып алынған тұқымдық айғырлардың саны 1 тұқымдық малға кемінде 20 және 30 аналықтан (36 айдан бастап) аспайтын арақатынаста болуы тиіс. 6. Тұқымдық айғырды қатарынан екі шағылыстыру кезеңінен асырмай (кемінде 18 ай) мақсатты пайдалану бойынша міндеттеме алу.		бастап он екі ай ішінде беріледі)
Түйе шаруашылығы				
1.		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтарында орналасқан тауар өндірушілер үшін – елді мекендердің ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жерлерінің болуы. Бұл өлшемшарт жеке қосалқы шаруашылықтардан ғана құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты қолданылмайды. 3. Өтінім берілген сәтте сатып алынған мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы.	Б Б А Ж , ЖМБМКАЖ-мен, САТЖАҚ және	Ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) (

Асыл тұқымды тұқымдық түйелерді сатып алу		4. Сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) – 18 - 60 ай аралығында қоса алғанда. 5. Сатып алынған тұқымдық айғырлардың саны 1 тұқымдық малға кемінде 20 және 30 аналықтан (36 айдан бастап) аспайтын арақатынаста болуы тиіс. 6. Тұқымдық түйені қатарынан екі шағылыстыру кезеңінен асырмай (кемінде 18 ай) мақсатты пайдалану бойынша міндеттеме алу.	АЖБ-мен интеграциялық өзара әрекеттесу	өтінім сатып алынған күннен бастап он екі ай ішінде беріледі)
Шошқа шаруашылығы				
		1. Есепке алу нөмірінің болуы (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста). 2. Өтінім берілген сәтте сатып алынған мал басының АЖБ-да және САТЖАҚ-да тіркелген болуы. 3. Сатып алынған мал басының жасы - ел ішінен сатып алған жағдайда – асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде 3-12 аралығында; импорттау кезінде –		

